

**"6D020300-тариҳ" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кошымова Акнур Оразгалиевнаның "VIII-XIII ғғ. Оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны" атты диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшісі, тарих ғылымдарының докторы, Стамбул университетінің профессоры Муалла Уйду Южелдің (Стамбул, Түркия)**

## **ПІКІРІ**

Университеттің тарих, археология және этнология факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасында орындалған бұл ғылыми-зерттеу жұмысы дүниежүзінде таралған барлық халықтардың шығу, қалыптасу тарихына ортақ өзекті саналатын этногенез мәселесімен тікелей байланысты. Сондықтан да алынып отырған VIII-XIII ғғ. аралығындағы хронологиялық шеңберді қамтитын тарихи оқиғалар нәтижесінде тек Қазақстан территориясында емес, сонымен бірге Кавказ жері, Орталық Азия, Кіші Азияға дейін таралып, саяси, мәдени, тілдік араласуларды бастаң өткерген оғыздардың сол аймақтарда жасаған жергілікті халықтармен ықпалы, әсері қаншалықты деңгейде орын алды деген мәселеге арналған. Халықтың халық болып қалыптасуы, дамуында бірнеше факторлар орын алады. Олардың ішіндегі маңыздыларының қатарында тілдік және мәдени, этникалық араласуларды тудыратын ассимиляциялық, миграциялық үдерістердің қызметін айта кеткен жөн. Сондықтан да тарихи этникалық негізі Қазақстанмен тікелей байланысты Орталық және Кіші Азия территорияларында мекендеген түбі бір түркі халықтарының тарихын қазақ халқының тарихымен байланыстыра зерттеу бүгінгі күнде маңызды тақырыптардың бірі. Міне, осы тұрғыдан мәселенің өзектілігі де шығады.

Әрбір халық өзінің тарихи арқауының қайдан басталатынын білуге ұмтылатыны белгілі жэйт. Сондықтан да докторант өзінің зерттеу жұмысында бұл мәселенің өзектілігі мен мақсат-міндеттерін жақсы айқындаі алған. Этногенез мәселесі әр уақытта да өте күрделі де қайшылыққа толы, әлі де болса пікір алуандылығы туындалап отырған тақырып болғандықтан зерттеушілер тарапынан да қызығушылықтар орын алып отыр. Халықтардың қалыптасуы өте үлкен хронологиялық кезеңді қамтиды және күрделі саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайлармен тікелей байланыста жүретін үдеріс. Осы тұрғыдан диссертант кейінгі миграциялық үдерістерге арналған теорияларды ортағасырлық саяси жағдайлармен ұштастыра, байланыстыра қарастырғаны ұтымды болып келеді. Оның үстінен қазақ халқы тарихының өзіндік ерекшелігі ру-тайпалар тарихымен байланысты болып келгендейі ескерілген.

Зерттеу жұмысының жаңашылдығы ретінде ізденушінің қазақ, түрік, түркмен, әзіrbайжан тарихымен тікелей байланысты зерттеу еңбектерімен бірге деректік мәліметтерді орынды пайдалануын, оларға сынни көзқараста қарап, талдаудан өткізуін айтқан болар едім.

Диссертация жұмысы үш тарауға бөлінген. Оның бірінші тарауы мәселенің теориялық-методологиялық мәселелеріне арналса, екінші бөлімі түркі халықтарының этногенезіне, ал үшінші бөлімі қазақ халқы құрамындағы оғыздық компонентті бойына жинаған деп есептелген рутайпаларға арналған. Жалпы айтқанда А.О. Кошымованаң диссертациялық жұмысының құрылымы бір-бірімен логикалық түрғыдан байланысқан, дұрыс құрылған.

Мәселені проблемалық түрғыдан бөліп қарастыра отырып кеңестік кезеңін, қазақстандық және шетелдік авторлардың еңбектеріне тарихнамалық талдаулар жүргізген. Және теориялық-методологиялық бөлімде айтылғандай ортағасырлық тайпалардың миграциялық үдерісі барысында көрші орналасқан не болмаса өздерінің айтарлықтай бөліктерінің ықпалы болған келесі бір тайпалармен араласулар, сіңісулер орын алғып, олардың этникалық қалыптасуына белгілі-бір деңгейге өз әсерлерін тигізгені тарихи түрғыда түсіндірілген. Материалдарда баяндалған мәліметтерді жазба деректермен қатар, белгілі бір дәрежеде археологиялық, фольклорлық деректермен салыстырмалы түрде талдай отырып, өз ойын білдірген. Автор әртүрлі тілдерде жарық көрген еңбектердің авторларының көзқарасын айқындаиды. Жұмыстағы ерекше көңіл аудараптық мәселе археологиялық қазба жұмыстарында табылған материалдар беттерінде кездесетін семиотика ғылыминың зерттеу объектісіне айналған таңбалық белгілердің этногенез мәселесін қарастыруда пайдаланған.

Оның үстіне зерреу барысында лингвистикалық талдауларға, ДНК сараптамалық қорытындыларына да көңіл бөлген. Сондай-ақ әлі күнге дейін тарихи ғылыми айналысқа түспеген мәселелерде өз ойын білдіргенін, оның үстіне халықтардың этникалық қалыптасуындағы миграциялық үдерістердің орнын зерттеу жұмысында орынды пайдаланғанын қоса айтуға болады.

Ғылыми кеңесшілік жүргізген диссидентант Кошымова Акнур докторантурада оқып жүргендеге Мен қызмет істейтін Стамбул университетіне ғылыми іс-тәжірибемен екі мәрте келіп, Стамбулда орналасқан ИСАМ (Ислам зерттеу орталығы), Түркі Дүниесі Орталығының, Түркият институтының, Стамбул университетінің кітапханаларынан менің кеңесіммен халықтардың этникалық тарихына, этногенез мәселесіне арналған ғалымдар мен зерттеушілердің көптеген ғылыми зерттеу еңбектерін алғып жұмыс жасады.

Кошымова Акнур Оразғалиевнаның "XIII-XIV ғғ. Оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны" диссертациялық жұмысы өзіндік талдауы, қорытындысы бар аяқталған ғылыми жұмыс деуге болады. Ол түркі халықтарының этникалық тарихына, этногенездік қалыптасуы мәселесіне қосылған үлес болып табылады.

Сондықтан да бұл зерттеу жұмысының тәжірибелік қолданыс аясы ретінде оғыздармен этникалық жақын, туыс түркі халықтарына арналған студенттер үшін жалпы және арнайы курстарда дәріс жүргізуге, оқу құралын дайындаштыруға, түркі халықтарының этникалық қалыптасуына арналған еңбекке айналдыруға болады.

Қорыта айтқанда, қорғауға ұсынылып отырған А.О. Кошымованаң "XIII-XIV ғғ. Оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны" атты диссертациясы акталған зерттеу жұмысы болғандықтан "6D020300-тарих" мамандығы бойынша PhD доктор дәрежесін алуға әбден лайық деп танимын.

**Стамбул университеті, Жалпы  
түрік тарихы кафедрасының мемгерушісі<sup>1</sup>  
тарих ғылымдарының докторы, профессор**

Муалла Уйду Южел



18.01.2019